

Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 13 желтоқсандағы № 319 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 қаңтарда № 2197 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 мамырдағы № 109 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 15.05.2014 № 109 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 238-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, «Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі туралы» Маңғыстау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 7/83 шешімінің негізінде, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. «Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды және Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Х.Х. Нұрғалиеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

«КЕЛІСІЛДІ»«

Маңғыстау облысының білім
басқармасының бастығы
Д . Н . Ж ұ м а ш е в а
13 желтоқсан 2012 жыл

Маңғыстау облысының денсаулық сақтау
басқармасының бастығы
Р . Ф . Б е к т у б а е в
13 желтоқсан 2012 жыл

Маңғыстау облысының жұмыспен
қамтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасының бастығы
Г . М . Қ а л м ұ р а т о в а
13 желтоқсан 2012 жыл

Маңғыстау облысының мәдениет
басқармасы бастығының
міндетін атқарушы
Г . Ж . Б а з а р а л и е в а
13 желтоқсан 2012 жыл

Маңғыстау облысының туризм,
дене шынықтыру және спорт
басқармасының бастығы
С . И . П а х о м о в
13 желтоқсан 2012 жыл

Маңғыстау облысының экономика
және бюджеттік жоспарлау
басқармасының бастығы
Ш . Л . И л м ұ х а н б е т о в а

13 желтоқсан 2012 жыл

Маңғыстау

облысы

әкімдігінің

2012

жылғы

13

желтоқсан

№

319

қаулысына

қосымша

Ауылдық (селолық) елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының ТІЗБЕСІ

1. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:

- 1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшысының орынбасары, оның ішінде медицина бөлімі жөніндегі;
- 2) станция бөлімшесінің, филиал, зертхана, орталық, бөлім басшысы;
- 3) бөлімшенің, кабинеттің, учаскенің меңгерушісі;
- 4) мамандар (бас, аға), оның ішінде: барлық мамандықтағы дәрігерлер, медициналық бике, акушер, зертханашы, медициналық зертханашы, медициналық статистик, провизор, психолог, статистик, әлеуметтік қызметкер, фармацевт, фельдшер, фельдшер-зертханашы.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

- 1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшысының орынбасары, оның ішінде орталықтың;
- 2) бөлімше меңгерушісі (орталық);
- 3) мамандар (бас, аға), оның ішінде: инспектор, консультант, үйде қызмет көрсету әлеуметтік қызметкер, күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.

3. Білім беру мамандарының лауазымдары:

- 1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшысының орынбасары (басшының әкімшілік-шаруашылық бөлім жөніндегі орынбасарын қоспағанда);
- 2) мектепке дейінгі мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы;
- 3) жалпы орта білім беретін мектептердің, мектеп-интернаттардың және басқа да бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарындағы директордың ғылыми, оқу ісі, оқу - өндірістік, оқу - тәрбие, тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары;
- 4) әдістемелік кабинет басшысы, интернат, оқу кабинетінің меңгерушісі;
- 5) мамандар (бас, аға), оның ішінде: барлық мамандықтағы мұғалімдер, кітапханашы, жетекші, тәрбиеші, нұсқаушы, шебер, медициналық бике,

әдістемеші, музыкалық жетекші, оқытушы, үйірме жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, педагог-ұйымдастырушы, қосымша білім педагогы, логопед-мұғалім, дефектолог-мұғалім.

4. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшысының орынбасары ;

2) көркемдік жетекші ;

3) кітапхана, клуб, көркемдеп қою, әдеби-драмалық, музыкалық бөлім меңгерушілері ;

4) негізгі қызмет секторының және құрылымдық бөлімшенің (бөлім) жетекшісі ;

5) мамандар (бас, аға), оның ішінде: аккомпаниатор, актер, музыка өңдеушісі, әртіс, балетмейстер, библиограф, кітапханашы, дирижер, дыбыс режиссері, нұсқаушы, дыбыс жабдықтары және жарық аппаратурасы инженері (технигі), өнертанушы, кинорежиссер, киномеханик, концертмейстер, мәдени ұйымдастырушы, музыкатанушы, музыкалық жетекші, әдістемеші, қоюшы оператор, кинобейнепроекциялық аппаратура басқару пультінің операторы, режиссердің көмекшісі, режиссер, қоюшы режиссер, үйірме жетекшісі, солист, хореограф, хормейстер, мұражайлардағы қорларды сақтаушы, барлық атаудағы суретшілер , экскурсовод .

5. Спорт мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшысының орынбасары (басшының әкімшілік-шаруашылық бөлім жөніндегі орынбасарын қоспағанда) ;

2) филиал бөлімшесінің, кешеннің басшысы;

3) спорт клубының меңгерушісі;

4) мамандар (бас, аға), оның ішінде: нұсқаушы, жаттықтырушы, шебер, барлық мамандықтағы дәрігерлер, медициналық бике, әдістемеші, психолог, фельдшер.